

Әбдіқалық А.Ә., с.ғ.к.

*Алматынський университет энергетики и связи им. Г.Даукеева,
г. Алматы, Казахстан*

Үкіметтік емес ұйымдардың азаматтық қоғамды дамытудағы маңызы

Азаматтық қоғам – жеке тұлғаның емін-еркін дамуын қамтамасыз ететін қоғамның күйі[1]. Азаматтық қоғам ол жеке тұлғаның негізгі маңызды құқықтары мен еркіндіктері заң жүзінде қамтамасыз етілетін және саяси қорғалатын, мемлекеттен тыс қатынастар саласы үйлесімді дамыған қоғам. Адамдар қауымдастығы өркениеттік даму процесінде жеке басы ерікті, экономикалық тұрғыдан тәуелсіз, рухани кемелденген, әлеуметтік жауапкершілікті мойындаған, барлығының мүдделерін ескере отырып өзара келісім негізінде өз өмірлерінде пайда болған проблемаларды шешуге қабілетті азаматтар қауымдастығына айналады.

Азаматтық қоғамның құрамына адамдардың өздері құрған түрлі қауымдастықтар - кооперациялар, ассоциациялар, қоғамдық ұйымдар, кәсіби, шығармашылық, спорттық, этникалық және басқа бірлестіктер кіреді. Азаматтық қоғамда адамдардың экономикалық, саяси және рухани өмірінің түрін еркін тандауына және жүзеге асыруына заң жүзінде кепілдік беріледі. Азаматтық қоғам қалыптасуы мен дамуының маңызды құрамдас бөлігі үкіметтік емес ұйымдардың іс-қызметі болып табылады. Аталған ұйымдар көбінесе «үшінші сектор» деп аталады. Азаматтық қоғамның қалыптасып дамуы мен нығаюы үшінші сектордың дамуымен тығыз байланысты. Үшінші сектор бұл өз мақсаттарын мүдделер бойынша кәсіби одақтарда, әлеуметтік қозғалыстарда, клубтарда жүзеге асыратын ерікті азаматтардан құралатын өзін өзі басқаратын сектор. Демократиялық қоғамда үкіметтік емес ұйымдар көптеген маңызды қызмет атқарады. Атап өтетін болсақ: тұлғаны саяси әлеуметтендіруге қатысу; бұқараның жергілікті мәселелерді шешуге қатысуын қамтамасыз ету; саяси шешімдерді талқылауға, қабылдауға және үкіметтік

бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысу механизмі; кәсіби мамандарды дайындау. Үкіметтік емес ұйымдардың қызметі қоғамның түрлі саласын қамтиды. Шағын клубтардан бастап, халықаралық деңгейде жұмыс істейтін ірі қауымдастықтарға дейін бар. Енді бірі мемлекеттің саясатына әсер етеді, мысалы, адам құқығын қорғау, халыққа әлеуметтік қызмет көрсету, экология, жер, гендер мәселесі және т.б.

Азаматтық қоғамның гүлденіп дамуы құқықтық мемлекет негізінде жүзеге асады, ал оның қалыптасуы мен дамуы және сақталуы тек қана азаматтық қоғам жағдайында жүретін процесс болып отыр. Азаматтық қоғам институттарын дамытудың құқықтық негіздерін анықтап, айқындау бүгінгі күн талабы болып есептелінеді. Ойткені, азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін, жоғарғы деңгейде қабылданған заңдар жүйесі толыққанды болуы тиіс, сондай-ақ, елдің азаматтары өздерін құқықтық саналы әрі мәдениетті тұлға ретінде қалыптастыруы қажет.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған күннен бастап, елдегі маңызды демократиялық процестердегі қоғамдық өзгерістерге үкіметтік емес ұйымдардың белсенді әрі тікелей қатысуы, қоғамның ажырамас үшінші секторына айналды. Кез-келген мемлекет демократияның қалыптасуы барысында өзінің экономикалық, әлеуметтік-саяси даму деңгейіне, ұлттық құндылықтарына қарай өз даму жолын таңдайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясында елімізде азаматтық қоғамды қалыптастырып, демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекетті құру бағыттары көрсетілген[2]. Бұл бағыт еліміздің ең жауапты, ең күрделі мүдде мақсаты болып табылады. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құру жолында елімізде күрделі процесстер жүріп жатыр деп айтуға болады. Қоғамдық сананың трансформациялануы билікке, қоғамға, саяси жүйеге деген көзқарастарды қалыптастырып, құндылықтарды бағалау мен рухани бағдар жаңа мәнге ие болып отыр. Сонымен қатар, Конституция еліміздегі барлық даму сатыларын мемлекет қарауынан тыс, әлеуметтік бағдарлы нарық экономикасы мен жеке тұлғаның дербестігін тұрақты

қалыптастыру үшін, оған қажетті құқықтық жағдайлардың негізін қалады. Азаматтық қоғамның негізгі институттарының бірі болып табылатын қоғамдық-саяси партиялар мен бірлестіктердің, мемлекеттік емес ұйымдардың қызметі мемлекет тарапынан нормативтік құқықтық актілермен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл мәселе бойынша Қазақстан Республикасында дербес мемлекеттілікті қалыптастыру барысында, жоғарыда аталған азаматтық қоғам институттарының қызметтерін құқықтық негізде реттейтін бірнеше заңдар қабылданды.

1991 жыл 27 маусымда «Қазақ КСР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақ КСР-інің Заңы қабылданды. 1995 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы мен 1996 жылы Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Саяси партиялар туралы» заңдардың қабылдануы елдегі азаматтық қоғам ұйымдарының жұмысының одан әрі жанданып дамуына зор ықпал етті. Сонымен қатар, түрлі ұлттық-мәдени орталықтар мен Қазақстан халықтары Ассамблеясы жұмыс істей бастады. 2000 жылы мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимыл тетіктерін жасау үшін үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын ұйымдастыратын Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының (ҰЕҰ) конфедерациясы жұмысын бастады. 2001 жылы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2002 жылы Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау тұжырымдамасы қабылданды. 2003 жылы ел үкіметі ҰЕҰ-ды мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекітіп, осы бағдарлама аясында облыстық (қалалық) бағдарламалар дайындалды. 2006 жылы «Қазақстан Республикасындағы Азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстанда 400-ге жуық ҰЕҰ болса, тұжырымдамаға сәйкес 5820 ҰЕҰ тіркеліп, олар ел ішіндегі өте маңызды әлеуметтік-экономикалық, саяси шешімдердің қабылдануына оң ықпал етті. 2018 жылдың көрсеткіші бойынша Қазақстанда тіркелген ҰЕҰ саны 22 мыңды құрайды. Бұқаралық ақпарат құралдары, олардың еркіндігі мен бостандықтары да азаматтық қоғамның маңызды шарты. 2019 жылдың

көрсеткіші бойынша елімізде 3328 БАҚ тіркелді[3].

Елімізде еріктілер қозғалысының жұмысы да айтарлықтай дамып келе жатыр. Республикада өткен халықаралық деңгейдегі қысқы Азиада ойындары, Универсиада, ЭКСПО-2017 сияқты іс-шаралар барысында бұл айқын көрініс тапты. Елімізде ондаған қайырымдылық қорлары жұмыс істейді. Үкіметтік емес ұйымдар мемлекет пен қарапайым азаматтар үшін өте қажет. Аталған ұйымдар қоғам үшін қажетті жобалармен жұмыс жасап, халықтың үнін, мұқтаждықтарын билікке жеткізіп отырады. Үкіметтік емес ұйымдар, яғни үшінші сектор мемлекет пен халық арасындағы негізгі байланыс көпіріне айналып, өзіне қоғамдағы әлеуметтік жаңғырулардың көптеген функцияларын алады.

Сонымен, мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара қатынасының негізгі мақсаты елімізде әлеуметтік саясатты жүргізудегі қатынастардың жаңа үлгісін жасау, әлеуметтік бағыт алған үкіметтік емес ұйымдармен белсенді ынтымақтасу, оларды әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге тарту арқылы тиімді көмек пен қолдау көрсету болып табылады. Олардың атқарған жұмыстары, азаматтық қоғамды орнатып әрі нығайтуда, әрбір азаматтың тең құқықтарының сақталуынан тұратын негізгі демократияның үрдістеріне ықпал етіп, саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Бұл дегеніміз, болашақта елдің ілгері қарыштап дамуына маңызды фактор ретінде әсер ететіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жамбылов Д. Саясаттану негіздері. Алматы, 2005.
2. Қазақстан Республикасы Конституциясы (30 тамыз, 1995 ж.). Астана, 2007.
3. Әлеуметтік саяси білімдер модулі: саясаттану. Алматы, 2019.